

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
08.04.2020 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 08.04.2020 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе біздің депутаттардың бастамашылығымен әзірленген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй бағдарламалары операторларының санын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Ахметов Сапар Қайратұлына беріледі.

АХМЕТОВ С.Қ. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Мемлекет басшысы 2019 жылғы 2 қыркүйекте Қазақстан халқына Жолдауында: «Квазимемлекеттік компаниялар көп жағдайда өзара бәсекеге түседі. Тұрғын үй саясаты саласында бір мезетте 7 мемлекеттік оператор жұмыс істейді. Бұл тек орталық деңгейдегі ахуал! Мемлекеттік компаниялардың санын қысқартуға болады және солай ету керек», – деп айтқан болатын.

Аталған тапсырманы жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары С.Қ. Ахметов, А.Е. Базарбаев, П.О. Казанцев, М.Ш. Көбенов, У.А. Қайназаров, А.А. Құрманова, Ә.С. Құртаев, С.Н. Өтебаев, Н.С. Сабильянов бастамашылығымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй бағдарламалары операторларының санын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы әзірленді.

Заң жобасы тұрғын үй бағдарламаларының жұмыс істеп тұрған үш операторы – «Қазақстан ипотекалық компаниясы», «Бәйтерек девелопмент» және «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамдарын Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторы етіп біріктіруге бағытталған.

Заң жобасында келесі мәселелерді шешу көзделіп отыр:

біріншіден, Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторы етіп қайта ұйымдастырылатын акционерлік қоғамдардың қазіргі қызмет түрлерін біріктіру;

екіншіден, жұмыс істеп тұрған операторлардың жалпы әкімшілік шығыстарын қысқарту.

Сонымен қатар «Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторы» ұғымын енгізу мен қатар бірыңғай оператордың жаңартылған функциялары ұсынылып отыр.

Заң жобасымен осы Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторы келесі жұмыстарды атқару қарастырылады:

мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде құрылысты жүзеге асырып жатқан заңды тұлғаларға несие беру;

жергілікті атқарушы органдарда, әкімдіктерде тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға сатып алу құқығымен арендалық баспана ұсынуды регламентациялау;

инвестициялық жобаларды қаржыландыру мен жүзеге асыру.

Тұрғын үй құрылысын дамыту бойынша стратегиялық міндеттерді жүзеге асыру шеңберінде Бірыңғай оператор көппәтерлі тұрғын үйлер құрылысының аяқталуын кепілдендіру функцияларын пайдалану арқылы үлескерлердің құқығын қорғауды қамтамасыз ететін болады.

Жалпы, заң жобасының нормалары тұрғын үй құрылысының кеңінен дамуына оң ықпал етеді деп сенеміз.

Құрметті депутаттар, осыған орай аталған заң жобасын бірінші оқылымда қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Мыңбай Дархан Қамзабекұлына беріледі.

МЫҢБАЙ Д.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Мен осы заң жобасын қолдаймын және әріптестерімнен де оны қолдауды сұраймын.

Құрметті Сапар Қайратұлы! Заң жобасында «Қазақстан ипотекалық компаниясы», «Бәйтерек девелопмент» және «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамдарын біріктіру ұсынылады. Демек, жұмыс істеп тұрған, тұрғын үй саясаты саласындағы функциялары ұқсас жеті оператордың үшеуі біріктіріледі. Не үшін тек үш оператор ғана біріктіріледі? Және қалған төрт оператордың рөлі мен міндеттері қалай болмақ? Осыны түсіндіріп берсеңіз.

АХМЕТОВ С.Қ. Сұрағыңызға рақмет, Дархан Қамзабекұлы.

Өткізілген сараптаманың нәтижесінде үш компанияның аты, атап айтқанда, «Қазақстан ипотекалық компаниясы», «Бәйтерек девелопмент» және «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамдары функциялары сәйкес, сондықтан да олар бір оператордың функциясына біріктіріліп отыр. Қалған төртеуін айтатын болсақ, «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамы қазіргі кезде банк ретінде өзінің салымшылары бар, өзінің үлескерлері бар және бұл банк қазіргі кезде өзінің рейтингін жақсартып, халыққа сапалы қызмет көрсетіп жатыр. Сондықтан бұл банк өзінің жұмысын жалғастыратын болады. Ал «Баспана» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамын алатын болсақ, бұл мекеме Ұлттық Банктің

еншілес мекемесі. Бұл мекеме Елбасының Бес әлеуметтік бастамасының негізінде «7-20-25» бағдарламасы бойынша халыққа несие беріп келген. Қазіргі кезде «Баспана» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы Ұлттық Банктің Қазақстанның орнықтылық қорының құрамына кіргізілді. Және бұрын берілген ипотекалық несиелерді қайтару бойынша өз жұмысын жалғастыратын болады.

"Самұрық-Қазына Келісімшарт" компаниясын алатын болсақ, бір жыл бұрын бұл компания құрылыс саласында өзінің жұмысын тоқтатты. Және қазіргі кезде "Самұрық-Қазынаның" ішіндегі өндірістік жобаларды іске асырумен айналысып жатыр. Құрылыс саласынан кетті деп айтуға болады.

Енді «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамын алатын болсақ, бұл тек екінші санаттағы банктерден алынған несиелерді субсидиялаудан айналысқан болатын. Қазіргі кезде бұл функция бірыңғай операторлардың құрамына берілуіне байланысты «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы кәсіпкерлікті дамыту бойынша өзінің функциясын әрі қарай жалғастырады, құрылыс саласында болмайды.

Қорыта айтқанда, ұсынылып отырған трансформациямен біріктіру кешенді түрде нарықта жұмыс істейтін екі операторды қалдырады. Біріншісі – Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторы. Екіншісі – «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Бектұрғанов Әбдіманап Елікбайұлына беріледі.

БЕКТҰРҒАНОВ Ә.Е. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің өкіліне арналады.

Өзіңізге белгілі, "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасының аясында құрылыс саласын мемлекеттік қолдау жүзеге асырылып жатыр.

Заң жобасына сәйкес мемлекеттік қолдау тұрғын үй құрылысын жүзеге асыру мақсатында заңды тұлғаларға берілген кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау арқылы көрсетілетін болады. Осыған байланысты сұрағым бар.

Бірыңғай оператордың құрылымына байланысты өңірлер, сондай-ақ тұрғын үй құрылысы саласындағы компаниялар үшін осы субсидиялау тетігі қалай болмақ? Рақмет.

ТӨРАҒА. Қайырбек Айтбайұлы Өскенбаев.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Рақмет.

Жаңа Сапар Қайратұлы айтып кеткендей, бұрын «Даму қоры» акционерлік қоғамының ішінде субсидиялау механизмі болатын. Ешқандай өзгерістер енгізбей, тура механизмді жаңадан құрылып жатқан Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторының ішіне кіргізіп отырмыз. Өздеріңіз білесіздер, үш жылдың ішінде 7 пайыз сыйақы мөлшерлемелерін олар өздері көтеретін болады. Сондықтан осы механизмді Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторының ішіне кіргізіп отырмыз, кәсіпкерлерге, құрылысшыларға ешқандай өзгерістер көзделіп отырған жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Аронова Ирина Петровнаға беріледі.

АРОНОВА И.П. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мои вопросы адресованы докладчику и представителю Министерства промышленности и инфраструктурного развития.

Как известно, реализация жилищных программ сегодня осуществляется различными операторами. Теперь, согласно законопроекту, создается единый оператор жилищного строительства, и об этом Вы уже сказали сегодня в докладе.

В этой связи у меня вопрос к докладчику.

Скажите, пожалуйста, что конкретно даст создание единого оператора для жилищной отрасли, а в конечном счете – для населения?

Вопросы к представителю Министерства промышленности и инфраструктурного развития: с какого времени начнет работать единый оператор жилищного строительства и когда мы почувствуем результаты такой работы? Спасибо.

ТӨРАҒА. Сапар Қайратұлы, Сізден бастайық, содан кейін сөзді вице-министрге береміз.

АХМЕТОВ С.Қ. Спасибо, Ирина Петровна, за вопрос.

Я хотел бы сказать, что проводимые трансформация и объединение функций в формате единого оператора дадут возможность, в первую очередь, объединить по принципу «единого окна» вопросы субсидирования кредитных ставок, вопросы гарантирования строительства жилья и вопросы доступности предоставления займов, а также позволят местным исполнительным органам и строительным компаниям работать непосредственно с единым оператором.

Также это даст возможность людям принимать во внимание четкие и понятные продукты, которые позволят, во-первых, увеличить объем строительства; во-вторых, получать жилье по фиксированным ценам. Тем самым, мы в рамках Программы «Нұрлы жер» получим единого оператора, который будет заниматься реализацией этого важного для страны проекта. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Пожалуйста, Каирбек Айтбаевич.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Трансформация и объединение Казахстанской ипотечной компании «Байтерек девелопмент» уже начались, все необходимые процедуры проходят, и в июле завершатся. После принятия данного законопроекта начнутся процедуры присоединения Фонда гарантирования к данному единому оператору.

Кроме того, Нурлан Зайруллаевич, разрешите коротко доложить, в рамках данного объединения усиливаются позиции и механизмы гарантирования, потому что общие активы этого объединенного предприятия будут составлять порядка 750 миллиардов тенге, от всех трех предприятий на

42 процента сокращаются административные расходы и на 25 процентов сокращается количество занятых людей.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Сапар Қайратұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі депутат Қайназаров Уәлихан Анарбайұлына беріледі.

ҚАЙНАЗАРОВ У.А. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті депутаттар! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй бағдарламалары операторларының санын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының бастамашылығымен 2020 жылдың 18 наурызында Мәжілісінің қарауына енгізілді.

Заң жобасында Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторын құру көзделіп отыр, оның қызметі халыққа тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыруға бағытталған.

Осыған байланысты «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» және «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделген.

Сонымен қатар Бюджет, Жер кодекстеріне және «Оналту және банкроттық туралы» Заңына Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қорының атауын бірыңғай операторына өзгерту бөлігінде түзетулер ұсынылады.

Заң жобасы ұсынған негізгі бағыттарын Сапар Қайратұлы толық баяндап өтті. Және ол бойынша Мәжілістің комитеттері оң қорытындыларын берді.

Келіп түскен ұсыныстар жұмыс тобының және комитеттің кеңейтілген отырысында уәкілетті мемлекеттік орган өкілдерінің қатысуымен талқыланды.

Құрметті депутаттар! Жоғарыда айтылғандарға байланысты аталмыш заң жобасын бірінші оқылымда қолдауларыңызды сұраймын.

Жұмыс тобы заң жобасын екінші оқылымға дайындау шеңберінде өз жұмысын жалғастырады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Уәлихан Анарбайұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Казанцев Павел Олеговичке беріледі.

КАЗАНЦЕВ П.О. Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые депутаты! Создание единого оператора жилищного строительства в рамках рассматриваемого сегодня законопроекта позволит объединить все функции жилищных программ, направленных на обеспечение населения доступным жильем, стимулирование строительства жилья, развитие долевого жилищного строительства.

Такой подход обеспечит комплексное решение задач и реализацию единой жилищной политики через единого оператора жилищного строительства.

В связи с этим в деятельности единого оператора жилищного строительства хотел бы выделить такие направления, как:

1) обеспечение доступности жилья через механизмы: предоставления ипотечных займов, выкупа прав требований по ипотечным займам;

гарантирования ипотечных займов, арендных платежей и жилищно-строительных сбережений;

предоставления арендного жилья с правом выкупа;

2) поддержка жилищного строительства, а именно:

финансирование строительства доступного жилья (путем выкупа государственных ценных бумаг местных исполнительных органов);

реализация собственных инвестиционных проектов;

применение инструментов защиты прав дольщиков через гарантирование завершения жилищного строительства;

3) аналитическое сопровождение жилищной политики, а это – выявление потребности населения в жилье, структурирование потребности в жилье в разрезе категорий населения, регионов проживания, анализ существующего фонда жилья.

Поэтому я поддерживаю в первом чтении рассматриваемый проект Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам сокращения количества операторов жилищных программ» и также прошу коллег его поддержать. Рақмет.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сонымен, құрметті әріптестер, басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.



*Құжаттамамен қамтамасыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі,
Майғ Н. Шайғынбаев.*